

Абай Ораз

Бөбеу



«Кәусар» баспасы
Нұр-Сұлтан – 2020

УДК 821.512.122
ББК 84 (5 Қаз)
О 23

О 23 **Ораз А.**
Бебеу. – Нұр-Сұлтан: «Кәусар» баспасы, 2020. –
88 бет.

ISBN 978-601-7921-38-5

Поэзия патшалығына өзіндік үнімен келген талантты жас ақынның бұл тұңғыш жинағына бір шоғыр өлеңдері мен шағын поэмасы топтастырылды. Дүниедегі кез келген құбылысқа дала перзентіне тән жүйрік қиялмен ой жүгіртіп, сергек сана, парасатты пайыммен тобықтай түйін түйетін шайырдың қазақы қасиеттер аңқыған қай-қай туындысы да жүрекке жылы тиеді.

Кітап жырсүйер оқырманға арналған.

© Ораз А., 2020
ISBN 978-601-7921-38-5 © «Кәусар» баспасы, 2020

Әкеле арнаймын





Қараша туғанда

Әжем шашы секілді түскен аппақ,
Тереземнің алдына шық қонақтап.
Қара суды жағалап қаз кеткенде,
Өлең жазам күйдіріп іштегі аптап.

Қарындас жұрт қалбаңдар қарашада,
Қазан-ошақ жанында – бала-шаға.
Етек жиып, елеңдеп ертеңшіл ел,
Қауқылдасып жатады оңашада.

Қараша қаз қаңқылдап көш түзеді,
Қара судың күркірі – өксігені.
«Қарашада өмір тұр» – қараша үйде
Біздің шалдың дауысы естіледі.

Қалмасын деп кеудемнен үміт сөніп,
Күлік мінем алшайған жігіт болып.
Жұртқа жат боп кетерміз, ұртта – малта,
Мұрт та шығып келеді түбіттеніп.



Тұл тірліктен талғажау тоят тауып,
Тоқмейілсіп жүр едік, ой ақтарып.
Түзде түтін түтеткен түндік керіп,
Біз де кеткен екенбіз саяқтанып.

Күз келгенде қаз даусы құмық шығып,
Қызығымды барады ұмыттырып.
Қараша айы, қарайла қараша үйге,
Қараша үйде біз жүрміз шыбық мініп.





Әжел айтушы еді...

Белгісіз, бірнеше жыл бұдан бұрын,
Тырнағын қанға малып қызарды күн.
Келеді салып ұрып он қаралы,
Сапырып құмын шағыл Жыландының.

Алыстан қыбырлаған кімдер еді,
Біздерге болмас па еді бір дерегі?
Айырмай жау мен елді тас боп қатып,
Терекбай тілін жұтып, үндемеді.

Бәйбіше бәйек болды қазан асып,
Немере қыңқылдайды жағаласып.
Қобырап шашы кетті желмен ойнап,
Тәйтек ұл орамалды ала қашып.

Үрейін кеудесіне қысып, бетті
шымшылап, тұла бойы ысып-кепті.
Келе сап кәуміс неме кәрін төкті,
Қолынан кәрсен кесе түсіп кетті.

Бір жендет шапшаң басып иек қақты,
Командир жантайды кеп жиекке өккі.
– Әкеңнің құны бар ма?! – деп еді шал,
Бердеңке ыс етті де сүйек қапты.



Үй ішін тінтіп әуре қораш төбет,
Күбіні қотарды кеп олақ неме;
Тұрғандай бір ит аз боп, кәпір жатты:
«Кәмпеске! Приказ!» – деп, тамақ кенеп.

«Аллалап!» үй иесі тұрды атылып.
Саумалап жылқы айдалды, із жасырып.
...Бір қылын қалдырмады туған үйге,
Ұрлығын командирдің түн жасырып.

Ішіне құпияны бүккен дәйім,
Үрленген дала жатты күпсердейін.
Сызылып мыстансиды қиянат-қыз,
Үзіліп қою түннен түскендейін.

Шал қалды, кемпір қалды нәумезденіп.
Шықсын кеп аяқ асты ән де өзгеріп.
...Жылқысы кіл қарагер біздің жақтың,
Үркітіп алмаңдаршы таңмен келіп.



Құдық басында

Ер жігіттің ширығар тұсы егес пе?
Елге барсам, «Шыңырау» түседі еске.
Әңгіме етіп айтатын көкем менің,
Күйбең тірлік даурыға біте кешке.

Қара кемпір емшегін қақтап емген,
Қара сирақ ұл едік қаптап өрген.
Ошақ басы ойнаймыз қоңыр кеште,
Тандырына таласып отқа көмген.

Қоңыр үйде домбыра қолға алынар,
Қоңыр шанақ құйқылжыр –
сам жамырар.

Басындағы жаулыққа қол жүгіртіп,
Күйіп-пісер кемпірлер зарға құмар.

Шеген тастай құдыққа қиып салған,
Сол әңгіме жадымда ұйып қалған.
Үйірілген үркер топ үлкенге айттым,
Үр қызға айттым жырдай қып
сүйіп қалған.

Көк дөнендей көсіле шауып келген,
Көк жүзінде жұлдыз көп ағып-сөнген.
Көнелердің көзіндей көкем де жоқ,
Әңгіме айтқан қамзолдай әдіптелген.



Құлақкүйдей баяулап майда қоңыр,
Жел толқыса, желпінер айға көңіл.
Терең тартып барасың шыңыраулап,
Қайда барып тоқтайсың, қайран өмір?!

Боз қаулаған құмдауыт жазықта өстім,
Түйе қомдап, ат мініп сауық кештім.
Атажұртқа барғанда арқан тастап,
Ат суарар бір құдық қазып кеттім.

Қарашаш түн демігіп шықты еліріп.
Тіс жармадым, тұрсам да іштен ұғып.
Қара қошқыл қабарды өңім сонда,
Құлаш-құлаш қыл арқан түске кіріп.





Әбіштің жазу үстелі

Сенің жазу үстеліңде –
Қанша тағдыр бар?
Ойла –
Атбегің мен құсбегің де,
Жаза тартты сарайда.

Мұнараның зәу басынан
Көрінгенде таң сайын
ынтық шебер...
Ауласынан
шықса кіші ханшайым.

Бас шебердің нақақ жасы
Ұлы шөлді суарды.
Әміршінің сақал-басы
Әудем жерде қуарды.

Еңсеп шыңнан құдық қазды –
Бойлай берді түбіне.
Ел-жұрт аң-таң тұрып қалды,
Өлі ме, әлде тірі ме?

Тақтан тайды тақсыр талай.
Өкініштен өртеніп.
Алып қорған, соқтың сарай,
Алтын-күміс көмкеріп.



Махаббат бар езде әккі –
Қанша мойын қырқылды?
Ішін жарып көміп жатты
Мылқау, мәңгүрт түн сырды.

Дүр Қағанның ажалына –
тап келді Әйел өңірі.
Дүниенің базарына
Аңыз болды ең ұлы!

Алмас сапы – бір қателік,
Кіrmес дейсің түске кім?
Соның бәрін тұр көтеріп
Сенің жазу үстелің!





Ақселеудің әңгімесі

Қамар түн қоюланып бұлтты нарша,
Жусайды желғабызда жылқыларша.
Қараша үй – Қопалыда қоныс тепкен,
Сөз айттым қобыз кеуде Ршыманша.

Сөз бағу – сері көңіл ғұрпы әманда-ақ!
Ат басын адыр қойды, ірке аялдап.
Аңқасы кепті, бәлкім, аттан ауды,
Кеткен қарт қайрылмады
жылқы амандап.

Мыңбай сай шекесінде сағым ойнап,
Атсоқты қып тастады-ау адыр-аймақ.
...Жел қаққан жүзін беріп құбылаға,
Кемпірі уһілейді: «Уа, құдайлап!»

Манар тау маңдайына манат таққан,
Сар желген сары танау күн саяқ қашқан.
Құрсаққа құтайғаны – Құдайменде...
– Ей, дәурен, айдалада адақтатқан!

Кепкен шал жығылған жоқ жарға құлап,
Қалайша қутыңдайды жорға бұлақ?
Бесінде бел жазам деп ат жетектеп,
Жесірге жолығыпты сам жамырап.



Паңдана жұлдыз сауып түнгі аспаннан,
Үрия дәурен кешті үн қосқан жан.
Дүние астан-кестен дымқылданды,
Тер сіңбей бедеу төсек құрғап қалған.

Күлге ұқсап күрең тартты кешегі аспан,
Шақ па екен елең-алаң көш адасқан.
«Кезегім – өлім!» – дейді есі кеткен,
Өз-өзін кінәлайды етек ашқан...

...Күйбеңдер кемпір-күзеу күйін бағып,
Барады мына күйік миым қарып.
Барып қайт, көрем десең Қопалыны,
Жол жатыр соған барар шиырланып!





Жезқазғанның Жаңбыры

*Шөлейттеу жердің шөбі едім,
Шөліркеп әлі келемін...
Ф. Жайлыбай*

Ақ жауын себелесе әр тараптан,
Бізғарын орталатып, тартады ақпан.
Ортаңда жаңбыр мінез бір ақын бар,
Қосылған, беу, Алматы, Арқа жақтан!

Басады аптап ыстық маңдайға отты,
Қайтейін, жан шыдамай таңдай кепті.
Алатау жаққа қарай көңіл алаң,
Жаңбыры Жезқазғанның жаумай кетті.

Шарқ ұрып сағыныштың сазын ала,
Ұшайын назырқанып жаныңа, аға!
Кеңгірдің толқынындай толқып жатқан
Кеуденді толтырайын базынаға.

Жезқазған жалғыздықты жиі ұқтырды,
Жыр жазбай кеудеме шер, күйік тұнды.
Арқадан ауып кетсем деймін кейде,
Қайрылмай кеткен ұлар, киік сынды.



Жә, аға, бұдан әрі күрсінбелік,
Бір күні жұбатады бұлтым келіп.
Күбірлеп жол үстінде жүрдім талай,
Жағамды көтеріп ап су-су болып.

Ұшпаққа шығарады өз биігім,
Өлең деп өресі кең сөзге ұйыдым.
Жау енді, жезді өлкенің ақ жаңбыры,
Еске сал Кәкімбектің «Жезкиігін».

Жастықтың соңы – нөсер, басы – жалын.
Босама, желқанат жыр, атыңа мін!
Алыстың сағынышын жеткіземін
Қаныштың бауырына аты мәлім.

Жылқыда жүрген жандай мылтық атып,
Ақ нөсер жырыңды оқы жұртыңа ақық.
Жауа түс, Жезқазғанның ақ жаңбыры,
Қалайық азды-кем күн шұрқырасып!



Ұзақбай (Баллада)

Иен дала шегі жоқ ыспа құм-ды,
Сықпыты сыпсыған жел, ұт – жамылғы.
Қырымқұл қонған ауыл паң көсілген,
Ару аттап шыққандай тысқа нұрлы.

Қаңсып қалған астаудың әлпетіндей;
жалтақтатпай, жарлы етіп,
жалқы өсірмей,
қайран шеше баланы оннан тапқан,
Қой асықтың алшы, омп, тәйкесіндей.

Баталы елге – сөз қайғы, мұрат қайғы.
Қазжан шалдан бір тұяқ – Ұзақбай-ды.
Қияға кең кеткен ой шідерленбей,
Жіі ағекем мінгенін ұзатпайды.

Бүккен қалпы іс тіккен бір ерінбей,
Біздің шөл ақмоншақ қыз білегіндей.
Домбырасын қолға алып сазарады өң,
Шайыры аққан еспе құм үлегіндей.

Сексен саз бар сағада тұрған сыңсып,
Бір қандырған шөлімді, бір қаңсытып.



Кейде осы шал еріген қорғасындай,
Құяды әкеп кеудеме жыр балқытып.

Содан кейін дүние көшеді кеп,
Торығамын, құлазып, неше жүдеп.
Маңдай терім ағады – ол неткені,
Маңдай сорым секілді бес елі боп.

Бүлкіліндей баяулап Бозінгеннің,
Ілкі іңірде шалдардың көзін көрдім.
Бозбаладай бүлкекке қайта бастым,
Жайы осы екен дегем жоқ езілгеннің.

Күйші кеткен,
бұл маңнан жыршы кеткен,
Көлбеңдейді көз жасым ыршып еппен.
Мен бір әнге басайын – жүйрігің ем,
Сейілмеді кеудемнің бұлты көптен.

Ұйлықпалы желдей боп үзік сарын,
Құлағыма келеді – түк ұқпадым.
Ұзақбай шал үйінен ұзағалы,
Ауыл жатыр ішіне бүгіп бәрін.



Бесікмола

1932 жылы сәбилер
қара шешектен қынадай қырылды...
Көнекөздер әңгімесінен

Өлара келсе өткелді кешер біз едік,
Жылқымен қоса жүз жусап және
жүз өріп.

Айғыр қуалап сылтып басатын көк құнан
Ағып кетіпті, аңғардың қалың мұзы еріп.

Қалбалақтаған көрі ана даусы:

– Обал-ай!

Түсіп кетіп жүр тұқымың өшкір о қалай?
...Жұт жылы туған өшікті бізге

Сейтен шал,

Сұсты екен деймін, жапырар бізді

қоғадай.

Қара басқыр біз не айта аламыз күмілжіп,
Қарасы өшсін деп, қарғадық келіп,
кіжіндік.

Сырығын алып, жерді сызғылап ол кетті,
Құла түз көздей құлдыраңдай
біз де жүгірдік.



Балғалай берді нөсер біздерді төстік қып,
Жалбағай киген шал шалғай кетті,
көп күттік.

Саманнан құйған төмекті төртеу
тепкілеп,
Төседік әкеп төртбұрыш етіп көпшік қып.

Томашадай боп жараса қалған қалқан ай,
Түн қойнын тінте бұйыға жатты
шалқалай.

Үрпиген бізді Сейтен шал атқа өңгеріп:
– Қу шешек! – деді.
Жаңылған жоқпын, дәл солай!

Діңкелеп қайттық деңменттей ауыр
біртүрлі,
Дәл содан бері ол әңгіме айтпады ілкімді.
Түгі қалмаған сарғайған саман мола ма,
Ал мола делік, Сейтен шал неге күрсінді?



Құнанбай қажы мешіті

Қарқаралы басында – Құдай үйі!
Құлағыма жетеді ұдайы үні.
Құдай ұрып келіппін қырқа жаққа,
Құнанбайдың құшақтап кіл айыбын.

Бұлт сейілді аспанда ала-құла,
Ақжал толқын шайқалсын жағаны ұра.
Қарқаралы, қайғым да қалың еді,
Тікен, шөңге батқандай табаныма.

Патша-құдай, нақ жолың – құнекермін!
Түбіт-ойды түтем де, түлетем мың.
Ат иесі адасқан арда жолда –
Тәкиесі Меккеде Қүнекеңнің!

Сұқсырдай боп сұрланды талай өңім,
Құбылады дүние қалай өзі?!
Алты алашқа ақылман, Алладан соң,
Құнанбайдың баласы – Абай еді!

Ат байладым аулаққа оты қалың,
Қарқаралы, көрсем деп шоқыларың.
Үмітімді үлпілдек үрей билеп,
Өз үйімнен өзім көп шошынамын.



Алас! Алас! Артқыға сөз болмасын!
Сап тыйылсын, сағана, көзден жасым.
От өрілмей бойымнан боп-боз болып,
Көтерілмей қалардай жерден басым.

«Алланың өзі де рас, – және, – сөзі»,
Жаратқан – жалғыз, тірі жар есебі.
Абайдың таңдайынан тамған тәмсіл
Алаштың маңдайынан әлі еседі.

«Ескі тамда» оқиды ет жақыным,
Жалғызым деп қажалды көп тақымым.
Айылымды жияйын айта бермей,
Жайылып кетпесінші жатқа сырым.

Қын түбінде тозбастай тілім өткір,
«Құлһу Алла!» Құдайға қызмет қыл!
Құнанымды шалдырдым кең көсіліп,
Байдың емес, Құдайдың үйі деп бұл.



Топырақ

(Хикая)

Біздің елде өсек гу-гу еседі:

– Рас? Өтірік?

Жақсылық болар, е, тегі!

– Алшағырдың елге кепті баласы.

– Түгелбай ма?

– Шау тартыпты деседі.

Бірнеше күн біздің жұртта дамыл жоқ:

– Түкең келді! Сүйіншіле, Сабырбек!

– Қайтсін енді?..

– Туған жер ғой! Топырақ!

Туған жерде туыс, таныс-тамыр көп!

Кісінесіп айыр қырдан кіл қасқа,

Шаң бұрқ етті ашылғанда зіл қақпа.

Қазан қайнап, бәйбішелер бәйек боп,

Ұры көсеу дамыл-дамыл кірді отқа.

– Ел кеп қалды!

– Есен бе екен?

– Тұса атты!

Ассалаулап айқара ашқан құшақты.

Төбел үйдің түтетіп көк түтінін,

Алшағырдың өшкен отын тұтатты.



Маңдайына осы күнді жазғанға,
Түгесіліп, табаны һәм тозғанда.
Күбірлейді көзін сүртіп жеңімен,
Көктемдегі қиқулаған қаздарға.

– Осы күні қайтқан еді шешеміз, –
деп сұрланды.

Азап көрдік неше біз... –
Темекісін ұзақ тұрды сорғыштап,
Кешеу түні қас қарайып көкеміз.

Бүкшиді ағам шөгіп жатқан үлектей.
– Тұнжыраған мен емеспін, түнек қой!
...Туған жердің топырағы бұйырып,
Түгекеміз елден кетті жыл өтпей.

Біздер, рас, сөйлейміз ғой кейде өктем.
– Мен не істейін, ойхой, көктем,
ой, көктем!..

Жоқтау айтып таң азаннан күйбеңдеп,
Далақтап жүр Ұртай кемпір көйлекшең.

Адам жетті қырқы өткен күн кеденнен,
Хабар көпті құлазытты дегенмен.
Басқа ештеңе айта алмады бас шұлғып:
– Топырағы торқа болсын! – дегеннен.



Біздің үй

Өмірім – жүген, тартпа, айыл дедім.
Өлеңім дұғагөйім жайында еді –
әуелде ине-жібі ұшығы екем,
әуенге өзі салған қайырма едім.

Бесіні – күл бықсыған, іңір – шаңдақ,
Мен де өстім сол мекенде құлынша аунап.
Бір төлді бір биеге теліп өстім,
Біздің үй таныған-ды ұлын сонда-ақ.


Жүлгеге желі тартқан уақыт көшіп,
Асыл деп өткен өмір, ақық десіп.
Байлаған құлын қалды өз жайына,
Қайнаған қазанымнан қашық кетіп.

Қондырып тізесіне шелегін көк,
Жеңешем бие сауды – өнерім деп.
Жетегін ұстап тұрған құлыншақтың
Кетерін мен білгем жоқ өлеңім боп.

Ішімде жұпары аңқып балалықтың,
Түсімде – үйге жетер жол алыс-ты.
Татпаған дәм-тұзымның белгісі ме –
Аттаған жоқ сияқты ем ала жіпті.



Сағымдай тау басына қайта көшкен,
Сағыздай созып өнді айтам еппен.
Соқпағым ирелендеп қалды артымда,
Сағыныш сәуіріндей шайқап ескен.





Ғасым Аманжолов

Қарқаралы!

Шалғайыңнан бұлт көшіп болса-дағы,
Маңдайыңман кетпеді сор табы әлі.
Хатқа жүйрік сол қалқа хат-хабарсыз,
Біржан салған ән «Жалғыз аршадағы».

Қызыл Көшен!

Ол шет пенен бұл шетке жүгірмес ем,
Түте-түте қылам деп түгіңді әсем.
Түтінім түзу ұшқан туған жер деп,
Қалай ғана сыйдырған ұғымға осы ел?

Қызыларай!

Үйден аттап қыз шықты бұрымы арай –
Мен қараймын тұрған боп түк ұнамай.
«Күлемін де жылаймын» жыр оқимын,
Өлеңдегі деймін де пірім – Абай.

Уа, Рақымжан!

Қасқаңды дауыл жұтты аласұрған.
Қолқалап алдырып ем нағашымнан.
Құйынға алқын-жұлқын ал кеп кірдім,
Айрылдым тұяғым мен қанатымнан.



Сақыпжамал!
Шашыңнан жұлдыз ағып жасырған әр,
Орамалдың ұшында жасың қалар.
Дариға-ай, он бес жасың ортеке екен,
Сені де тоз-тоз қылған тосын хабар.

Жақыбала!
Құдығыңның қималы тасына ана,
«Аманжолдың қосынан» оқырана
Бір құлын су іше алмай кері кетті,
Білмеймін, үйіріне қосыла ма?





Өзің бастап:

– Мал сенікі, тамыр, бақ! –
деген жоқ па ең,
Ал ол болса мал ұрлап,
Темірөзек адамдай боп шіренді,
Темірқазық жастанбаған шағында-ақ.

Ыстық оттай өртеп тұрған өзекті,
Сенің сонша момындығың мезі етті.
Солқ еткізіп тепкім келді мен оны,
Шөкелегім келді тас пен тезекті.

Сен, жан аға:

– Қой! – дедің.
Мені біраз жуасытып сөйледің.
Насыбайдан қалар көңіл бір атым –
Не шешсең де, мейлі, өзің.

Күз мезгілі. Сүрлеу. Соқпақ. Қараша.
«Елпілдеген, қуанатын балаша
көкең малсыз қалды» деген хат жетті.
Масқара ғой, хабар жұртқа тараса...



Ғабырағазы картина

Көкжиектің үрпісін сағым сорып
жатқан дөңге қозы-лақ бағушы едік.
Ыңылына бас қойып ертелі-кеш,
Ырымына шешенің кәміл сеніп.

Қоймаған соң қыли күн қыршып еппен,
Тамыз төсін түйе бұлт бүркіп өткен.
Қиғаш алып қыр жақты шұрқырайды,
Қыз бұрымы секілді жылқылы өткел.


Жел кептіріп сәскеде бетті шақар,
Күреңітіп күтеді кешкі сапар.
Таң жамылып жетуші ек қойшы ауылға,
Су сүмектеп дамбалдан ешкі сақал.

Терезенің тұсында үт басылып,
Қалған еді сілтідей сырт та тынып.
Бала күшік аптаптан үйге кірді –
Ала мысық үрпийіп шықты атылып.

Тоқтам бөлек, іштегі ыза бөлек,
Міз бақпадым төбелес қызады деп.
Жеңгем мені ұршықпен нұқып қалды:
– Жаңа жайған құртымды бұзады, – деп.



Мен сені ертпен өзіммен әуре қылып,
Бұ көштен қалам десең, қал бөлініп.
Ауыл жатыр үндемей сыртын беріп,
Сыралғы жеңешемдей паң керіліп.





Дөң басында

Жалғыз аяқ созылған жолға асыға,
Көз байлана шал шықты дөң басына.
Жалғыз атын тұсатпас тірі жанға,
Бір есептен дұрыс-ау ол да, сірә.

Қашық емес ауылдан бетеге қыр.
Шалы құрғыр қайдалап шешем отыр.
Сыртқа беттеп мен шықтым түнді тінте,
Тұра қояр байқалмай көкеде тұр.

Көзге түртсе көргісіз түн. Айдала.
– Бұ қай бала? – Біздің шал тұр ойлана.
– Шешең отыр зарығып, жүрсең үйге!
...Көп мақұлық ұшады шыр айнала.

Көк қайыстан өрілген таспаланып,
Қамшыдай боп жол жатыр соқталанып.
«Мына дөңде бабамыз жатыр...» – дейді,
Күбірлейді сосын ол тоқтап алып.

Көп бейбақтың көргенде көмілгенін,
Көрмеген боп алдаймын өзімді-өзім,
Тарс жұмсам да көзімді, тас бүркеніп,
Қорқыныштан дөңбекшіп көз ілмедім!



Әурынғының шалдары

Қайран қалам!

Атқа шауып, баладай бәйге алмаған.
Сынығы едім тұлпарлар тұяғының,
Құлын едім желіге байланбаған!

Мен кешегі шалдарды түгел көрдім,
Шалдар көрдім, төрінен жүген көрдім.
Жиі сұрай барамын хал-қуатын,
Иісін-ай қаракөк, күреңдердің!

Кеше қыстақ барғанмын

«Ассалаулап»,

Сәлем бере алмаймын басқаға арнап.
Жатсынбаймын жанымның босағасын,
Жүйрік десе, мен балаң – отқа жанбақ.

Кешегі күн келмеске кетсе-дағы,
Біздің шалдар өткенін еске алады.
Ет-жүрегі езілсе өзі соққан,
Қаңыраған қорадай бос қалады.

Баяғыдан баяны – жылқы жайлы,
Бәйге атындай, қарасаң, тұрқы да әйгі.
Бір-ақ шөкім бурыл шаш, оның өзі
Будақ-будақ бұлттай боп бұрқырайды.



Құлағымды тігем де тыңдай қалам,
Өңгімесін шалдардың мыңды айдаған.
Ағыл-тегіл жылаймын, содан кейін
Бастауы жоқ бұлақтай құрғай қалам.

Қозғалақтап, тыпыршып таңдай қағам!
Жүйрік жайын айтқанда жарға айдаған.
Аптап боп ыстық құшам, шоқты шайнап,
Онан соң денем мұздап тоңға айналам.

Түн баласы менің де түсіме енген,
Су ішем деп құдыққа түсіп өлген
жорға құнан – мұқым ел қасіреті,
Ал иесі күйіктен ішіп өлген.

Сәйгүліктің сықпытын сұра менен.
Шын тұлпарға мен-дағы мұрагер ем.
Шалдар кетсе мұндай жыр жазылмайды,
Бір жүйріктің тағдыры – бір-ақ өлең!



Бапастың күйі

Тазқара – Топан мерт болды,
Ию-қию дүнием
Шоқ шарпыды – өрт болды!
Қос ішегі даланы иітіп,
Бапас күйін шерткен-ді:

...Сағым, сағым, ақ сағым,
Төре – жетім, мен – жетім.
Жүрдектете қақсадым,
Күрмеп көрдім, ақсадың,
Көрмей кетіп ел бетін!

Қос қолыңмен шеңгелдеп,
Талай қанды ұрттап ең.
Биік қарағай мерген боп,
Сақ-сақ күлді: «Құртқан ем!»

Бүкір бердеңке оғы емес
Қылғытып жұтқан нақ сені.
Қарағайдан ұшқан шоқ емес,
Төре: «Сырын тап!» – деді.

Пернеге қол жүгірттім,
Бесінде білек түрініп.
Өршеленуін ымырттың,
Маңдайымда шып-шып тер жүгіріп.



Ақ табан айғыр-аңыз ақ
Азынап тұрған шақ дедім.
Торын қандайды тағы хақ,
Тасқа түсті – тапты өлім.

Көсілдім де қажыдым,
Асқынып кетті жанжал нық.
Ат сабылтпай тапты азығын –
Қара түлкі қармалжық.

«Түс қылмадың, құдайым...»





Бала кездегі бір өлең

Күйзелем болмаған соң жарам жеңіл,
Сондықтан қамығады шабан көңіл.
Мен едім шардараны шаңға көмген,
Шабдар тай тақымдаған шабандоз ұл.

Бозарса құланиек құла қырда,
Желеді жарау аттай күн адырға.
Арда емген арғымақтың суат жақтан
Дүбірі ойнақ салды құлағымда.

Қомдаса қос қанатын бала қыран,
Шал-уақыт күй төгеді шанағынан.
Ағады еріксізден бұла жасым,
Жеткенде қарақшыға қара құнан.

Тісімді батыра алмай ез қоғамға,
Ботадай зарығамын боз далаңда.
Қамшымды басар едім әлі талай,
«Тебінгі тер шірімей тозбағанда».

Жазылмай маңдайының қыртысы мың,
Білетін біздің шалдар жылқы сырын.
Жырыңды жатқа оқышы жүйрік жайлы,
Баласы жолыққанда жылқышының.



Сәкенге

Дүниенің жырлайын ғажабын қай?
Ақын сүйген арудың ажарындай
қыз-қыз дәурен таусылмас таң атқанша,
Тарқамаған серінің базарындай.

Кер маралдай көшкен бұлт асықпайды, ө!
Сүйіктіге сүйенген ғашықтай ма?
Әкем салса жас келер көзге мөлт-мөлт,
Сәкен жазған «Тау ішін» есіп майда.

Есен, Нұра, Ор, Аба – сен бір өлең,
Қайда қоям Көкшені мөлдіреген.
Баянауыл, Баян тау, сен аман бол,
Ертегіге елітіп елжіреген.

Сая болған Сарыадыр нағашыңдай,
Кетіп еді Сәулім қыз бағы ашылмай.
Соны еске алсам сарнаймын
«Біздің жақты»,
Шайқап ішкен шалдардың бозасындай.

Екі ауылдың арасын жол бөледі,
Екі ғашық жарасын сөз жеңеді.
Қыз Қабипа ән салған «Әуілдек» деп,
Сағыныштан басылмай шөлдегені.



Түнделетіп мен келдім – ілдім есік,
Домбыраға қол тиді күмбір етіп.
Көлдің бетін ырғалтып толқын ұрар,
Ай шағылып қыз сырға дір-дір етіп.

Өлең жазу – тілдесу ұлылықпен,
Дертке дауа – шарабым үріп ішкен.
Ешкімге де білдірмей жылап алам,
Жылап ағам өзендей тынып іштен.

Жазушының жүз жылдық жазбасындай,
Қалың-қалың ой кештім қорғасындай.
Жетім тамшы тырс етер тереземе,
Жесір жардың бырт еткен көз жасындай.





Шәл

Құдық басын кептірген шілде қақтап.
– Мына келген қай аптап?
– Күндегі аптап!
Қос басында кепкен мал тырп еткен жоқ,
Әлдеқашан өретін қырға қаптап.

Қосқа қожа екі адам – шал мен жалшы.
Екеуінің жайылған әлден даңқы.
– Тірісің бе?
– Көміп пе ең? (жалшы есінеп)
Екі қыңыр өреді сөзден қамшы.

Ащы суға лықсиып тойып алып,
бірде жалшы
өрісте қойы қалып,
Өлдім-талдым дегенде қосқа жеткен
Көбігі атып аузынан, шайыры ағып.

Сыбайды кеп шатақ шал, бұрқылдайды,
Шілде келсе астауда су тұрмайды.
Есін жиып алған соң жалшы:
– Шалдың
шашын алып берем... – деп қутыңдайды.



М. Дуезов. «Көксерек»

Қыс дегенің – мал-жанға сынақ ауыр,
Есік алды қар күреп кіл аға жүр.
Ауызғы үйде шошайып екеу қалдық –
Мен және апам еститін құлағы ауыр.

Апам кітап оқы деп:
– Өмір сенің –
көрер жарық дүниең!
Менің сөзім
іске алғысыз қалады ертең кетсем.
– Олай неге айтасың, көңілшегім?!

Ұқпасақ та тереңдеп ештеңені,
Қолға алынар Мұхаңның «Көксерегі».
– Құрмаш бала бөлтірік асырапты!
Не болды екен, – дейді апам, – көксегені?..

Көріге ермек – қайғыға қайғы жамай
күн өткізу, көңілден жай құлады-ай.
Кемсең қағып иегі жылайды апам:
– Сенім бар ма ит-құсқа, әй, құдай-ай!..



Жалғыз билет

*Театр кассасында
жалғыз билет қалыпты.
Біз екеу едік.
Сахнада – Р. Отарбаевтың
«Фариза мен Мұқағали»
поэтикалық драмасы.*

Сұлулықтан асқан күш жоқ шынында!
Тал мүсінің шомылып кешкі нұрға,
Театрдан шыққанбыз біз екеуміз,
Көз байланған, шашбауың – қос бұрымда.

Иек артып арманға күбірледік,
Жыр оқыдық өткен шақ үнін бөліп.
Күйіне еніп бір жұтым дүниенің,
Жылап алдық, ысыдық, дірілдедік.

Атқан таң – сен, дастан – сен,
Басқа менің
жазар жырым жоқ еді, рас,
дәлелім –
Сен от едің, жалын ең, өткір едің,
Кекшіл едің, тәкаппар, асқақ едің!

Басын құрап келеміз біз әрненің.
Осыншама көңілді бұзар ма едің?



Жанарыма сұраулы жүзбен қарап:

– Жалғыз билет –

жалғыздық шығар... – дедің.

Не түсіндім, нені ұқтым, не тіледің?

Қарс айрылып кеткендей көкірегім:

– Жалғыз қалу – өзіңді алдау, – дедім.

– Жалғыз қалғым келеді, өтінемін!

...Жабырқаған жанымды түсіне алмай,

Мұздағандай, өн бойым ысығандай.

Тұрып қалдым аңырып, дымым құрып,

Тап сол жерде тереңге жұтылардай.

Қаларымды кім білген үнсіз, демім

тарылғандай қысылдым, күрсінгенім –

Бұлты іргенің сөгілді – ашуым боп,

Білсін дедім жайымды тылсым менің.

Қайрыламын деп едім көп ұзамай,

Айрыламын дегем жоқ!

Мені қалай

Ұмытасың: «Мен сізді ұнатамын...» –

деген жоқ па ең...

Ұмытам сені қалай?

Мұңға мұңды қосады күз еселеп,

Сорлатқаны несі екен ілесе кеп?



Жалғыз билет – екеудің тағдыры екен,
Жалғыз қалдық – сол күні біз екеу ек.

Өлеңім – сен, өмір – сен, өзегім – сен,
Өзегім де өртенер сене білсең!
Асқақ тұрған қалпыңнан айнымадың,
«Мен сонда жылап қалғам» демедің сен.

Қонбаған соң бақытым қолға сый боп,
Үйге келдім өзімді зорға сүйреп.
Сағыныштан өлмейді адам деген,
Жалғыздықтан болмаса... ол да сирек.

Жүру керек өмірде биік, ерен,
Мен де өлеңді аялап, сүйіп өлем!
Жалғыздықтың жалауын көтеріп ап
Өткен ақын аз ба екен дүниеден?!





Көзіңе ғашықтың

Көз алдымда
Шықтай боп таңда басылған,
Бір ару жылап тұрады.
...Жәудірдің әр қарасынан
Жауапсыз сұрақ туады.

Жанардың да
Күздей боп солары бар,
Бірдей дөп, біздікіндей.
Әлгі қыздың жанары дәл –
Мен ғашық қыздыкіндей.

Ар алдында
Кінәлінің самғамайтынын
Білетін әлем көп еді.
Көзіңнің алдамайтынын
Еш Ақын дәлелдемеді.

Топ алдында
Күз-сұрғылт соқпаққа түстім,
Жол табам ба екен?
Өртену үшін аптап та құштым.
Кім көрер қалқадан бөтен?!

Адасса көзіңнен көзім,
Сөздерді күстөналайсың.



Жиіркенем өзімнен-өзім,
Сондықтан тік қарағайсың.

Бұл сүрлеу сұрапыл екен:
тамшылар тайғанамасын.
Ұлықбек
Ұлы ақын екен –
Абайды қайда қоясың?!





* * *

Дәл сол қыздың суреті тұрған анау,
Мүмкін емес күніне бір қарамау.
Маған қарап тұрады қос қарашық,
Алаңдап-ақ жүрегім күнде жамау.

Жанға рақат жартыкеш – осы маған,
Сөйлесімен, күлемін, жекіп алам.
Қырсықпаса бола ма қыз атаулы,
Ынтықпасам боламын несіне адам?

Шамдай болып балауыз сығырайған,
Баяғыдан махаббат жыры – майдан.
Жанарыңа көміліп қаламын-ау,
Болып жүріп осыған түбі қайран!





* * *

Көктем енді келмейді – бәрі өтірік,
Бұрынғыдай болмайды әуе тынық.
Мен ұнатқан қыздайын қайрылмайды ол,
Сәл мұңайып, бұртиып және күліп.

Құлағымның түбінде – әулекі жел,
Ойнақшиды түнімен әуре етіп ол.
Нем бар еді әуелде таң ернінен
Төгілетін сүйісіп сәулесімен?

Келсе ендігі болмас па бір дерегі,
Суықторғай дір етті іргедегі.
Сығымдалған іштегі ойларымды
Бір-ақ сәтте қалғыған түн көмеді.

Маужыраған, ызыңсыз үр қаланың
Жұлдыздары жамырап... бір қарадым.
Ұзақ кеткен ғашығым кеп қалардай,
Үміт етіп күзетем түн жанарын.

Бұлт жауады аулақта жаяу-жалпы,
Тереземнің түбіне таянғансып.
...Шыныменен келмей ме көктем биыл,
Мені қойшы, қыздарды аяңдаршы.



* * *

Жаз кетті жүгін жиып, келеге артып.
Жан жоғын білсе-дағы менен артық.
Өксіктен қарсы айрылған көкірегім,
Өткен күн өкінішін келеді аршып.

Өткен күн өкініші – өткел кешіп,
Жаз десіп, көңіліміз көктем десіп,
Бір жүрген құрбым еді ол жылап келген,
Жылады ол, сенесің бе: «Қош бол!» – десіп.

Сол жазға сағынышым қалды ұрланып,
Қалғаны дұрыс екен, жазғырмалық.
Жығылған көңіліңді жұбатқың кеп,
Жылағың келеді екен жалғыз қалып.





* * *

Сенің үйің – үш қабатты, жалқы есік.
Кеше... кеше дүниені тәрк етіп,
Жасыңды әрең тыйып алып сен кеттің,
Ашылмады ол жабылғалы тарс етіп.

Кері айналып соққамын жоқ, іздеген
жоқпын қайтып, қателестік біз неден?
Содан бері арбайды кеп қылымсып,
Жанарымнан ағып түскен қыз бәден.

Жүрегіме қадалды кеп сан ине,
Білегіңнен ұстап алып, фәниге
алып келген мен емеспін, кешірші,
Сен періште емессің ғой, әрине.

Мен жеңілдім сағыныштан іште өлген.
Содан бері есі түзу түс көрген
емеспін мен, тіреу тапқан боп жүрмін
түсініксіз физикалық күштерден.

Менің мына дертіме енді дауа жоқ,
Сияқты боп көрінеді ауа көп.
Бірақ, бірақ... бәрі маған тымырсық,
Сенен ғана тұратындай тарап от.



Сенің үйің – үш қабатты қоңыр үй,
Қуанышқа, ренішке толы күй
мазаңды алып, мезі қылды, түсінем,
меңдеп кетіп ішінде өлген жегідей.

Сенің үйің – соңғы көше, қоңыр үй...





Ылыртта

Көктем кеші. Зауза-мамыр. Іңір. Бақ.
Кектенбеші, ұғысайық сыр (ымдап).
Біз екеуміз жүре бердік ақырын,
«Желсіз түнде жарық айды» ыңылдап.

Екеумізге сонда кешкен күй мәлім,
Сондай шақтан естеліктің жи бәрін.
Алаулаған жүрегіммен, бақ іші,
Қолыңды ұстап, ақ раушан сыйладым.

Көйлегінді жел ырғады күлгін көк,
Үркер аумай... ауды ма екен... күлдің кеп.
Нәзік қана саусағыңмен раушанның
Күлтешесін жұлдың сосын бір-бірлеп.

Мүлгуіндей ұзақ қоңыр бесіннің,
Көз алдымда есінейді есіл күн.
Мен ұсынған ақ раушанның сол сәтте
Аз ғана өмір сүргеніне өкіндім.

Саған қарай жолдасам да хатқа өлең,
Екеумізге қонбай ұшты бақ деген.
Екеумізде махаббат та аз болды,
Дәл сол күнгі ақ раушандай, әттеген!



* * *

«Махаббатың құрсын сенің, келмедің...»
дей көрмеші, одан маған өл дегін.
Сүю деген – өлең жазу өрт болып,
Сығырайған шамын жағып бөлменің.

Көз байланып, ымырт төсін түн қамап,
болған кезде қоштасқан боп бір қарап
кетіп едің, осы менің немді алған
өлең жазу, оқып беру – бізге азап.

Көп қабатты үйге асықтың, кім үшін?
– Шанжау-шанжау жұлдыздардың бірісің! –
дедім сосын балкон жаққа айқайлап,
думан-тойға орап кенет түн ішін.

Көктемдей боп шалғай жаққа ұзаған
Үркер ауып алыстады, біз одан.
Науқас жандай құлықсыздау күй кешем,
Бәрі орынша деймін-дағы дін-аман.

Құрғақ мұнар қоюланып түнгі көк,
Жаңбыр жауа бастап еді сілбілеп,
Бізден ұзап кетті үзілген сағыныш,
Құсжолындай аспан үстін тілгілеп.



* * *

Көрнеу отқа ұмтылған көбелектей
Жастық шағым түкті де керек етпей;
Күндерімнің соңынан ілбіп келем,
Жарыла ұшқан тобынан дегелектей.

Өткен күнің түзелмес өкінгеннен,
Ашу деген шың-құздан секірген – мен.
Алдарқатып келеді өмір мені,
Бір өкініш, бір үміт секілденген.

Бұлттан шыққан күндей боп жарқыраған,
Ару-дүние, өзіңе тәтті болам.
Сен жалғызсың, жалғанда мен де жалғыз,
Жалғыздықтың бағасы – жарты ғалам!

Құмсағаттай сырғыған сағым жылдар,
Сабылдыңдар, сарғайып сарылдыңдар.
Өкпелеген сұлудай үнсіз кетіп,
Жоғалдыңдар, жарқ етіп табылдыңдар.

Ұзақ жалқын аяғы – ұзарған түн.
Мұнар қалпым бұзылып қызарғам шын.
Бақытсыздық, жалғыздық – сірә, сорың,
Жолың болмай қалған сәт шығар, бөлкім?!



* * *

Қан төгілсе – қасірет,
...ал көз жасы – мұң ғана!
Гүл мінез қыз, ғафу ет!
Сезім – сынап – сырғанақ.
Көздің жасы – сан тағдыр,
Сүрлеуі көп бұралаң.
Күлімдеген қалқам жүр,
Күбірлеген бір адам.
Көздің жасы – теңіз, гүл,
Сәл нәзіктеу пішінде.
Біз айтатын лебіздің
Мөлдірлік бар ішінде.
Көздің жасы – биіктік,
Сенің жасың – өткірлік.
Балбұраулы күй ұқтық,
Кенезені кептірдік.
Құдіреті-ай сияның,
Жаза алмадым бір өлең.
Жанарыңа сыямын,
Көз жасың боп түнегем.
Он сегіз мың әлемнің
Жасы қайсы ақырғы?
Бір тылсымға бөлен күн
Батып бара жатырмын.



Мынау гүл ме, теңіз бе –
Көз жасы боп құлаған?
Тамшы сол бір сезімге
Ғашық боп жүр бір адам.





* * *

Жаңбырдан үгітілген ірге сынды,
Ой кештім жаным жүдеп күнде түрлі.
Не табам көз ілгеннен, өзің берген
Қолыма ап қарай бердім суретінді.

Ол сурет – бір сағыныш һәм естелік,
Күлкің де көз тартады нәрестелік.
Ұйқысыз талай-талай таң атырам,
Мен солай өз-өзіммен әлек болып.





* * *

Жаным ақық,
Хат алысқан кездердің бәрі – бақыт.
Қол ұстаса жүгірдік аспан асты,
Жұлдыздарды жып-жылы жамыратып.

Дарияның бойында лайланбаған
сені күттім, шақ еді ол қайғы алмаған.
Есіңде ме сол күндер, еңлік қыз,
Жағаласып шешеңе шай қамдаған?

Арқандалған аттай боп сені айналам,
Сені ұмыту дейсің-ау оңай маған.
Өзімді емес, әуелі сені көрем
Өзің ұмыт қалдырған қолайнадан.

Ғашық жігіт сүйгенге гүл үзеді,
Кеш жолыға береміз біз үнемі.
Дария-көл лайланды көп ұзамай,
Көңіліміз лайланды, тұнық еді.



Әкеуара әңгіме

- Махаббат күйе ме екен от-жалын боп?
- Сен үшін өртке оранған шақтарым көп!

- Махаббат жағаны ұрар теңіз бе екен?
- Ынтық зар ыршып түсер көзіңде екен!

- Махаббат жылай ма екен егіліп шын?
- Тырс еттім терезеңе, сені күттім!

- Махаббат күле ме екен сақ-сақ етіп?
- Келесің көңілімді асқақ етіп!

- Махаббат ұйықтауды біле ме екен?
- Түсімде саған бәрін тілеп өтем!

- Махаббат ояна ма таң атқанда?
- Көргенше сені, қалқа, тағат бар ма?!



* * *

Айтылмаған не қалды – бәрі айтылды,
Жолығыса жамылдық арай түнді.
Қараңғыда тұтаттық шырағданды,
Сүю жайлы әңгіме тағы айтылды.

Айтылмаған не қалды – бәрі бітті,
Неге қажай береміз сағынышты?
Ән – «Көзімнің қарасы» –
ол да айтылды,
Жылап алдық дедік те бәрі күшті.

Айтылмаған не қалды – бәрі-бәрі:
сезім, көзің, махаббат мағыналы.
Сен қырсыға бермеші, өтінемін,
Кездескенде әңгіме табылады.





* * *

Шұғадан нәзік, қылықты керім,
Торғыннан үлбір сүйікті реңің.
Қылығың жүрек қобызын шертсе,
Құм болмай қайтсін жігіт жігерім.

Байланар бір күн айға бұрымың,
Жұлдыздай жарық жайдарылығың.
Жұматай болып жыр жазбай қайтем,
Ләйлiтсе мені Ләйлә-ғұмырың.

Жымиысыңмен еліткен бе едің?
Елеңдеп үріккен елік кербезім.
Зауқым соқпайды зауза туғанда,
Ұйқым келмейді неліктен менің?





Жөрген-баққан
(Этюдтер)

– 1 –

Асыл жібек, ақ шарқат – жамылғаның,
Ақық бұйым, әшекей – тағынғаның.
Қисық ине сабақтап әжем отыр,
Иілгені секілді қабырғаның.

Сөби ойнап, уілдеп жөргегінде,
Салған өні қандай-ды жеңгенің де.
Бесік басы қайталап, қайырмалап,
Бес-алты рет айтады ол кемінде.

Момын үйде жататын сүт төгіліп,
Сыртқа құлып салынбай, ішке құлып.
Ұйқы шіркін бұзылып, шала боп жүр,
Туған үйдің тұрмысы түске кіріп.

– 2 –

Біздің ауыл – Ескеннің сары атаны,
Өз әліне қарамай зор атағы.
Таңда – дау, түсте – сойқан,
кеште – момын,
Жамылып жеткен күздей қарашаны.

- 62 -



Даудың басы – сары атан кепкір неме,
Көзақы боп жегілген көп кірмеге.
Құдық басы у-шу боп даурығады ел,
Ешкі татыр су қалмай ешкімге де.

Еліреді Ескен шал қабақ қатып.
Жүйкелетер адымын санап басып.
Кепкен малды боқтайды, одан қалды,
Су соратын моторы қабаттасып.

– 3 –

Көкала үйрек сымпылдап ұшқан көктем.
Сыңғыр қаққан қыз-өзен тұстан да өткем.
Бәсіремді желдіріп бесін ауа,
Ержеткенмін жылқыға құштар боп мен.

Қыз бүлдірген өсетін сайға келіп,
Сам жамырай жеткенмін майда желіп.
Теріп алар бүлдірген ұшты-күйлі,
«Ол қайдалап» мен қалдым, бойда – желік.

– Құдай өзі берген, – деп, – сені маған!
Құдай қосса, көктемде келіп алам! –
Бүлдірген қыз жанында мен отырмын
өткенді айтып:
– Кездер-ай, көңіл алаң!..



– 4 –

Сары маса сызылтып ән салады,
Шымшық, торғай қуалар дәу сонаны.
Біздің үйдің қойшысы – Қожабек шал,
Теріс қарап, бүркеніп томсарады.

Қыт-қыттаймыз біз өңкей тыным бермей:
– Көке! – дейміз өтірік, жүгінгендей.
Ешкі тулақ жамбастап күбірлейді:
– О не?! – дейді ол да аса түрін бермей.

Көлеңкеге құнанын тұсап, кейіп:
– Мазамды алма! – Басына кітап киіп.
– Көке! – дейміз.
– Әкеңнің!.. – Сыбап алып,
Сосын кеңк-кеңк күледі тісі ақсыып!

– 5 –

Ұркек ат секілденіп сырма жапқан,
Жел толқып күрең өзен қырға қашқан.
Тоқтарбай бәйге барып, сыбап келді,
Тоқымын құшақтап ап күн жалатқан.

Ол енді сипамайды ат кекілін.
Ағаның ұрлап мінді «мацекілін».



Арыны басылмады желдей ескен...
– Жұмысы жоқ па, – деді ел, –
басқа осының?!

...Ауылдан шыға ма екен жер білмеген,
Аулақта жығылып қап, өлдім деген.
Дегбірін қашырады дауыл соғып,
Қияқ жал су-су етіп, жел гулеген.

– 6 –

Жылы сәуір төгіп тұр шуақ, нұрын,
Апам жайсыз ұйықтады бірақ бүгін.
– Мазаң болмай отыр ғой... – деймін қарап.
– Қарғам! – дейді. – Жо-жо-жоқ!..
Қуаттымын!

– Күйіп-жанып тұрса да тұла бойың,
Неге жалған сөйлейсің, дұғағөйім?!
Аз-кем тыныс алған жөн, уайымшылым! –
Күйгелектеп мен оның ұғам ойын.

Ішке еніп көр, тізеңді бүгіп төрге –
Құлаққа ұрған танадай тыныш бөлме.
Құлағы ауыр еститін апам жатыр,
Маңдайынан ыршытып күміс теңге.



– 7 –

Қарлығаштың ұясы – үй үстінде,
Көмулі тұр мүйізі киіктің де.
Әбдіресін ақтарған әжеміздің
Өңгімесін тыңдаймыз ұйып күнде.

Жылқышы атам мүйізден дәрі үгеді.
Жүрек сыздар еске алсам қазір оны –
Мүйізді пұл еткенмін, ұяны күл,
Біздің шалдың ашуы мәлім еді...

Кешіріңдер, тіршілік дәнекерім!
Мейірімнен аз ғана дәметемін.
Құс ұясы – адамдық!
Ал мүйіздің
білген жоқпын сатылмас ар екенін!

– 8 –

Дүниенің мысалы – күміс шідер,
Күміс шідер қадірін жігіт білер.
Үшке бөліп алмақ боп үш ағайын,
Күшке мінді қос білек түріп түгел.

Бірінде – ұят,
Бірінде – ар,
Бірінде – ақыл,
Бүлк етпестен, бүк түсіп, бұғып жатыр.

- 66 -



Шіреп тартқан шідері қақ бөлінді –
Үшеуінің бірлігі үзілді ақыр.

Бүкпей айтсам іштегі егер сырды,
Көмейіме кілкілдеп өлең тұнды.
Уақыт төре тұр қарап биігінде,
«Бірің өліп, бірің қал» деген сынды.

– 9 –

Теміржолдың бойында – шағын ауыл.
Жүйткігенде пойыздар сабыла ауыр,
Жүк тиеген вагонның өксігіндей,
Ауыр-ауыр демігіп, жабығады ұл.

Қамығады ұл әжесі үмітті еткен
қала жақтан –
пойыз кеп мініп кеткен.
Кетерінде иіскеген ұлын ұзақ,
Оралмасын адамдай біліп кеткен.

Ағыл-тегіл пойыздың өксігі өшіп,
Солқ-солқ етіп бүйірін тепкілетіп,
Сағынады ұл әжесін жалғызсырап,
Ауыл жатыр кете алмай көшке ілесіп.

– 10 –



Кемпір-шалдың баласы – Абақ бала,
Мазаққа да іліккен, озатқа да.
Апыл-тапыл жүр-жүрлеп, ол атасын
Алып барған жиналыс, сабаққа да.

Үйдегінің қарамай сөккеніне,
Қолы жеткен адамдай көктегіге,
Атасының орденін тағып алып,
Тартып кеткен ол бірде мектебіне.

Интернаттың жеп өскен қара нанын,
Оныншыда оқиды сол Абағың.
Еске салсам орденді, күліп алып,
Қызарады түріндей долананың.





Қара келіпiр

(Поэма)

*Ақ көйлек, қызыл шарқат
бұлаңдайсың,
Дүние өтер десе тіл алмайсың.
Халық әуезі*

*...Қара аршадан қу мойындап жонған
сары ожауды қаңғыбас оқ қақ жарды;
оқ жауға қаңғып тисе, азаматтың
жұлынын іздеп келіп үзіп жатты;
бердеңкенің өңменінен балқып шыққан
жалғыз оқ кәрілі-жас бұғананы
қырқып қана суыды.
А. Сүлейменов*

*Қилы адамдарға қилы-қилы
тағдыр дайындап,
отыз бірінші жылдың атышулы
қысы да таянып келе жатты.
С. Шаймерденов*



*Қазақ даласында 1920 жылы
жұт болып, мал қырылып,
мешін жылына дөп келді.
1931-32 жылдардағы
алапат аштық та
мешін жылы болды.
Дерек көздерінен*

Құйталақ

(Пролог орнына)

Таң мәуріті. Жылқы кісінеді. Құлқын-сәриден қырға екеу беттеді. Сүйрелеңдеген құныс сұлба – қара кемпірдікі, кеспелтегі – кенжесі. Қолындағы күл толы шелек қиғылық салып келеді. Әудем жерде үйірге қосылған қысырақ үркесоқтап тұр. Қақырынып-түкірінген иесін зарыға күткендей, көк трактор өкіріп-бақырды. Әуеге көтерілген көк түтін көп кідірмей қызылқұйрықтанды. Бұтынан бұзау өтердей өңкиген неме доқ көрсетті. Ажарсыз жалын ауыл мойнына ажырғы боп киіліп, апшысын қуырды. Ойда от мінгендер ойқтастап жүр, безірейіп қарайтынын қайтерсің? Үрейден әлем-тапырық болған жұрт сандырақтады. Бірі – қырық құбылған құшнаштай Қара кемпірдің Құдайға қарғысын



күдік қылса, бірі – Қара кемпірдің құдығына түсіп өлген қаншықтың көз жасын көлденең тартты. Үйді көздей үрейді қуалап кемпірдің өзі келе жатыр. Күзелген құйрық-жал қал-балақтаған кемпірдің қуыс қолынан қобырады кеп. Қазылған ошақ, жағылған отқа ошарылудың орнына, оңашаланып тұс-тұсқа тым-тырақай қашты – жылан жорғалағандай. Жүр-жүрлеп жетектегісі келетіндей.

Қалш-қалш етті...

Астапыр-Алла!

Көк трактор гүрілдеп қырда оталып,
Керосині атқақтап күлге тамып,
Өрт қаулады – жұрт дел-сал, ырду-дырду,
Бұл не зауал, о, тоба, бұл не тамұқ?!

Кеткен бала сықылды сөйлеп кенет,
Көк трактор бұрқ етті ойға өкшелеп.
Ожар неме жолатпай от түкірді,
Алау-далау көрініп көйлектен от.

Қорым жақтан, қол үзіп пішенінен,
Ауыл жатты айрылып түс-өңінен.
Тауы қатты шағылып кемпір қалды,
Алжаса ма, айтшы, аға, кісі өзінен?!



Шаң көрінді, лап беріп қайта борап
кетердей боп қыр үстін шайқап алап.
– Не боп еді, – дейді ағам, – өрт шығардай?.. –
Өзі қойған сұрағын қайталап ап.

Ел естімей қала ма жасырғанда,
Гулей берсін, дауа жоқ қатындарға.
От дегеннің әкесін көрді ол талай,
«Халық жауы» әкесі атылғанда.

Содан бері әкесін қайтып көрген
жоқ бұл ағам (білмейді – қай тұста өлген).
Бар білері – шешектен аман қалған,
Оның өзін шешесі айтып берген:

1. Апат

Ақпан-тоқпан, бұлағай-алағайлар
Шалғайымның етегін сабалай дал.
Ақсақ-тоқсақ көбейіп науқан соңы,
Астан-кестен шашырап барады ойлар.

Ай толысып күлшедей жары көмген,
Көзден ғайып жоғалды әрі дөңнен.
Сақал-мұртын мұз сорып шопан кірді,
Қайыс ерді тастай сап қарына ілген.



– Қу топалаң бар болсын! Мал бақты деп!..
Совхозбасың не қылмақ?! (Қарғап-сілеп).
...Құп-қу болып түтігіп, шамданды шал,
Бәйбіше де бұрқылдап шам жақты кеп.

Басқа арнаға бұрылып ән кенеттен,
Сусын құя берген-ді жар көнектен.
Жарғақ табақ жарының қолында қап,
Жамбастап ап жантайсын ләм деместен.

Ері баяу қорылдап, жауап болмай,
Көңілі ояу әйелі қолақпандай
тұлып қымтап, дедектеп, безек қақты,
Бәйек болып кінәмшіл жары ақ маңдай.

Ұйқы басқан қойшы үйі теңселгенін
Көрген кезде тіктелмей еңсем менің,
Шәмелеге қамалған малды әкетті,
Малды әкетті құйын кеп – мен сенбедім.

Әуелетіп әрі асты жалқы қырды,
Ұшты-күйлі жоқ болды – таң сызылды.
Елірмелеп жұрт аң-таң «Бұл қалайлап»,
Деміндегі от тұтанып малшы тұрды.

...Жоқ болған соң дерегі, дәйегі де,
Үйге басып келеді жай, еріне.



Іздеп едік – таппадық, бұл не сұмдық,
Оны қойшы, не дейді әйеліне?

2. Қара жаяу

Ауданнан өкіл келіп есеп алды,
Сорлы әке «жазықты» боп кете барды.
Көп аға «жер аударылып» ол да кетті,
Қыз қалды, жасын бұлап шеше қалды.

Бөрікке ауыстырып орамалын,
Тізгінін тартты сұлу торыаланың.
Торыала – көп жылқыдан жалқы тұяқ,
Жалғыз қыз – ішінде өскен көп ағаның.

Өткен күн, қағушы ойдан қалды үзіліп,
Жуан сай, жұмыр қырат жаңғырығып.
Желігі басылмаған ойхой жастық,
Шықты алып айдалаға жалғызілік.

Көп аға көппен кетті, ол – көмескі,
Торыала тобылғылы белге жетті.
Құйындап қарақұйрық қақ жарылды,
Бүйірге ап үшеу шықты жолды өзекті.

Шығарып сілікпесін олжа көптің,
Құйғытып қарақұйрық сордан өтті.



Ауылнай даурыққанда, тұра қашсын,
Жас сұлу жазбай танып жорға көкті.

Ағаға, ауылыңа, бет түзе де,
Ағызып ал атыңды, тепкілеме!
Мәселен, сенің атың мәстек делік,
Ішектей созылған жол жеткізе ме?

Қалдырып қоңыр төбе, қолатыңды,
Қағынып, жел өкпеге ап, жол ашылды.
Көп аға ішіндегі жалғыз еді ол,
Торыала – жалғыз үміт.
Оқ атылды!

Бір сәтте мұнар басты төңіректі,
Атқан кім, қандай кәззап торыға оқты?
Ат өліп жаяу қалды, қаңғып қалды,
Ауылнай апырақтап кері кетті.

Үзеңгі қағыстырып, сауық құрып,
Ойнайтын замандас жоқ, ауыстырып
мінетін ат табылмай келе жатты ол,
Астынан алты қырдың дауыс қылып.

Ол солай жарды жанап, белді өтеді,
Көз жасын құрғатады, көлдетеді.
Әңгіме айтып отыр қара кемпір –
Қара қыз торы мінген ол кешегі.



3. Үрей

Алапты ымырт жапты, іңір көміп,
Қара тай байлаулы тұр ығыр болып.
Кемпірді қара балта қара тер ғып,
Қараған қыңқ етпейді сіңірленіп.

Ай жатыр шалқасынан қораланып.
Балтасын қара тасқа жанап алып,
Көйлекшең сілтейді кеп, көні кеуіп,
Тер ыршып маңдайынан домаланып.

Қараған қалды солай балталанып,
Көнектен су да ішілді орталанып.
Күрсініп кәрі ана отыр арба үстінде,
Қара тай құлықсыздау тартады арық.

Тұяғы қыр үстіне ілінгелі,
Мимырттап, үркектейді.
Мінілгелі
мұндайы жоқ еді оның, жетті қосқа,
Жететін жер негізі күнілгері.

Қараша қарып алып, қыспаққа алып,
Қалтырап қара кемпір түсті (ат та арып).
Сұрақтың белгісіндей бүктетілді ол,
Арқадан құрғыр шаншу ұстап қалып.



Ол жатпай күйбеңдейді, дау жоқ оған,
Біресе айыр ұстап мал қорадан
шығады ол.

Ошақ бұтқа отын болып,
Белінен бырт үзілді дәу қараған.

Шырағы бұл түннің де сөнеді ақыр,
Көрі ана сандырақтап неге жатыр?
Қараған екен дейді өзі шапқан,
Балта ұстап, қосқа беттеп келе жатыр.

4. Түс

Қынадай қырылғанда ел обадан,
Бір ағай аттан түсті елең-алаң.
Обкомнан есеп жиған ежір неме,
Қонбаған ә дегеннен обал оған.

Қолайсыз қол жүгіртіп, жағаласып,
Обком да кеткен сол жыл қона жатып.
Кешеу түн сәби сүйді көрі анамыз,
Қалжаға қасқа тұсақ домалатып.

Тұяқтан хал кеткенде ана иіді.
Ұяттау болып қалды – бар айыбы.
Әйтпесе, одан өзге бөрі дұрыс,
Салпақтап тойға келді маңайы ұлы.



Аналық ардақ сезім – ұйыған қан,
Ағайын-жұрт не демек жиып алған?
Әкеден қалған тұяқ өгейсіп тұр,
Етігін қоңылтаяқ киіп алған.

Ақ тілеу – аппақ бесік, иіс, жөргек,
Сәбиін құндақтап ап сүйіп көрмек.
Бөтенсіп ембей қойды пәк періште,
Анасын алдарқатып иіткен боп.

Әуеде домалана жүзген айды
айна етіп, шашын жая күз қарайды.
Сүт шықпай, кемпір сорлы сауып әлек,
Тас емшек иімейді, сыздамайды.

Сәбидің дамыл-дамыл борбайынан
иіскеп, аунай жатты ол жайына.
Сырылдап кемпір байғұс өңі қашты,
Тер сауып алардай боп өн бойынан.

Бұл адам болмайды деп айтады ел де,
Қиянат жасадың деп жайсаң ерге.
Құр бекер әуре болма, қара кемпір,
Құшнашқа апарам деп айта көрме.

Төрдегі тостақ сусын шайқалмайды,
Шөлдеді, сімірді кеп – ортаймайды.



Ол неге баса алмайды бауырына,
Ол неге бесік жырын айта алмайды?

Аспаннан айқыш-ұйқыш жай да түсіп,
Ақ кемпір атып тұрсын шойнақ ұшып:
– О, құдай, көрсеткенің түс екен ғой!
Е, бәсе, қайдан бала, қайдағы сүт?!

«Әлди-әлди, абайым,
Атқа тоқым жабайын».

5. Колхоз қамбасы. 1928 жыл

Тартқанда егін басы сарыбалақ,
Атаман құйылды кеп тағы борап.
Ырсиып атақоныс селдірейді,
Ырзығы, ата мүлкі адыра қап.

Ол анық – аштық келді елді аралап,
Бір үйге – бір қадақ үн... ол не мазақ?
Ым қағып, белсенді тұр шырт түкіріп,
Күзетке кімді алсам деп елге қарап.

Тұрғанда тобыр іші толған зіл боп,
Күтпейді көктен түскен зордан құрмет.
Жігіті болмай қалып бас көтерер,
Қара әйел атып шықсын:

«Мен бармын!» – деп.



Талдырып тарыққаннан аш өзегін,
Әл құрып, төсек етіп тас еденін,
Қамбаның арасында амалдап жүр,
Жан бағып, күзетші боп шеше момын.

Аршып ап қасат қардан шана жолын,
Дәу тымақ көлегейлеп барады өңін.
Жарықтық баласы үшін жаза басты,
Шелектеп бидай тасып алакеуім.

Халықтың жауы деді – ол енді анық,
Қамшының астына алды дөдең барып.
Көзінен аққан жасқа үйрек жүзді,
Өзінен кейінгі елге өлең қалып.

6. Көкбас қаншық

Жынданған деді есті жұрт,
Жимады бейбақ әлі есін.
Қара әйел кеше кешкілік
Қаншықтан алды бар өшін.

Қорасын тінтті – гәп солай,
Сойылға жықты сазарып.
Көтерілгенше тостақ ай,
Қыңсылап жатты ол анық.



Ауылдан алыс кетті енді ол,
Күшіктеп келді – жетеу-ді.
Барқ еткен үйге беттеуде ел,
Сойылын тағы көтерді.

«Қой» дерге елде жоқ шама,
Қойған соң құдай құбас қып.
Сүйреді талай отқа да,
Иледі солай тулақ қып.

Қажалған болып тақымы,
Жігері құм боп ел тұрды.
Құдыққа көмді ақыры,
Күректен жүріп өлтірді.

Жынданды деді қара әйел,
Сойқан де, оны долы де.
Қысасты көрді талай ол,
Құдайға қылған кегі де.

Көкбас ит – көздің жасы еді,
Көрмеген бұрын сұсты өнді.
Көкбас ит – көзі әкенің,
Шыққыр көз шықты, бітті енді.

Көне жұрт нені көйітпек,
Көкбеттенеді, от шарпып.



Отыз жетіде шейіт боп
Кеткенге куә – көк қаншық.

Қара әйел солып, жүдеді.
Айналардай ма мүсінге?
Көкбас ит талап жүр оны,
Өңінде емес – түсінде!

7. Аян

Бақанның белін орап алыпты дәу жылан,
Кемпірге беттеп сырғиды төмен қалғыған.

Кенжесі керім келінмен тұрды иіле,
Кежеге тартып, кірмеді бірақ үйіне.

Бір үйір жылқы аулақта тұрды сауылмай,
Бұзаубас етік киіп ап шықты ауылнай.

Бошалап кетіп, боталап келді құба інген,
Жабулап қойды, қорғаған болып
тұмармен.

Кереге қасы, бөрене басы сүт саулап,
Ақ кемпір шоршып, қара тер болып
түсті аунап.



Қара тер болды, шылқыған әлде
жас па екен,
Жабылған есік ашылмай қойды тас бекем.

Ескілік киім шашылып түсті сандықтан,
Даусы бірақ шықпады оның қарлыққан.

Көкелей берді көзінің алды тұман боп,
Көкесі бірақ көріне берді жылан боп.

Көнектер босап, ширатылғанда ұршығы,
Көкбас қаншықтың естіле берді
қыңсылы.

Күмісті күлге тастамас болар – айыпты,
Бітпейтін сүргін секілді болып жай ұшты.

Ғайыптан Қыдыр көрінген болды – о несі,
Қалтырай берді денесі...

Үкім

(Эпилог орнына)

...Әлқисса, көк трактор отқа оранды.
Қатын-бала оңаша қоста қалды.
Қосқа оралды көркеуде ұл, жылай келді,
Сыбай келді – құдайын боқтап алды.



Адам ба өзі, о, тоба, о кім жатқан?
Келген десті адасып қорым жақтан.
Ана екенін таныды айырғанда
қобыраған шашынан өзін жапқан.

Шаң көрінді, лап беріп қайта борап
кетердей боп қыр үстін шайқап алап.
– Не жазып ем, – дейді ағам, –
кісі өлердей? –
Өрт өшірген сұсымен қайталап ап.

«Халық жауы» оққа ұшты – көнді дедік,
Халық заңы сол уақтың өлді делік.
Айдың күні аманда аласарып,
«Байдың қызы» от құшты енді келіп.

Босағасын сол жылдың кесір болып,
Келін болмай аттаған мешін келіп.
Есіл болып нешеме ақты түндер,
Түс пен өңнің арасы секілденіп.

Жата берді ұйысып іргеде жал,
Мықты болсаң, уыстап күлге көм! Ал!
Қарқарасы кемпірдің қисайғанда,
Жорта басып желіккен бұл не зауал?!

Есік алды қараң-құраң еткендер қарбала-
сып жүріп, Қара кемпірден қара үзді. Ақшаң-



дақ желдің күшінен басындағы ақшарқат орамалы әуеге көтеріле берді. Көтерілген орамал көк түтін соңынан бұлт арасына сіңіп кетті. Қос өрім тарқатылып, өңірін көмген. Кендір жіптей қылша мойнына оралған не өз шашы, не жорғалаған жыланқұйрық жылқы қылы екенін айыра алмай, көзі ақшаң етті.

...От көсеп, ошаққа беттеп несі бар?! Аяқасты, төккен күлдің кесірі кесім болды. Пеш қоламтасынан шыққан шоқ – пешенесіне таңба. Оқыс келген зауал отызыншы жылдың ойранынан кем болмады. Көк трактордың «пускашы» құлағына 1938 жылы естіген «мосин» мылтығының даусына ұқсап, иттің қыңсылына араласып кетті. Кешегі шынжырбалақ, шұбартөс «байдың қызы», «халық жауының» жесірі атанғанша, атылғаны дұрыс па еді? Мешін жылының қазан айы қалтырады. Жылқы кісінеді.

МАЗМҰНЫ

Қараша туғанда	4
Әжем айтушы еді.....	6
Құдық басында	8
Әбіштің жазу үстелі	10
Ақселеудің әңгімесі	12
Жезқазғанның жаңбыры	14
Ұзақбай	16
Бесікмола	18
Құнанбай қажы мешіті	20
Топырақ	22
Біздің үй.....	24
Қасым Аманжолов	26
Хат	28
Қабырғадағы картина.....	30
Дөң басында	32
Бұрынғының шалдары	33
Бапастың күйі	35
Бала кездегі бір өлең	37
Сәкенге	38
Шөл	40
М. Әуезов. «Көксерек»	41
Жалғыз билет.....	42
Көзіңе ғашықпын	45
«Дәл сол қыздың суреті тұрған анау...»	47
«Көктем енді келмейді – бәрі өтірік...»	48
«Жаз кетті жүгін жиып, келеге артып...»	49
«Сенің үйің – үш қабатты, жалқы есік...»	50
Ымыртта	52

«Махаббатың құрсын сенің, келмедің...»	53
«Көрнеу отқа ұмтылған көбелектей...»	54
«Қан төгілсе – қасірет...»	55
«Жаңбырдан үгітілген ірге сынды...»	57
«Жаным ақық...»	58
Екеуара әңгіме	59
«Айтылмаған не қалды – бәрі айтылды...»	60
«Шұғадан нәзік, қылықты керім...»	61
Көрген-баққан	62
Қара кемпір	69

Абай Ораз

Бөбеу

Редакторы Қуат Құрмансейіт
Техникалық редакторы Жарасқан Нүриден
Көркемдеуші редакторы Вячеслав Козлов
Корректоры Маржан Абсалықова
Компьютерде беттеген Ақжарқын Өлтенқызы

Басуға 20.02.20 қол қойылды.
Пішімі 70x90^{1/32}. Қағазы офсеттік.
Офсеттік басылыс. Шартты баспа табағы 6,8.
Тапсырыс №7. Таралымы 500 дана.

«Кәусар» баспасы.
010000. Нұр-Сұлтан қаласы.
Мәскеу көшесі, 40. 220-офис.
Тел.: 8 776 198 63 51, 8 777 323 25 47, 8 777 116 58 96